



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 29 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2008 ЖЫЛҒЫ 17 ҚЫРКҮЙЕК
Халықаралық резервтер
және ақша базасы туралы

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2008 жылғы 15 қыркүйекте мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	21 663,3	21 824,3
оның ішінде:		
ЕАВ-дағы ² таза активтер	19 946,4	19 946,4
Алтын	1 716,9	1 877,9
Ақша базасы, млрд. теңге	1 765,7	1 765,7
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 464,9	1 464,9
ЕДБ ⁴ -нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	300,6	300,6
KZT/USD (кезең аяғында)	119,48	120,30
Алтынның бағасы (1 троя унциясы USD-мен)	757,50	828,50

1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2007 жылдың аяғындағы жағдай бойынша көрсетілген.

2 ЕАВ-дағы таза активтер – бұл жиынтық активтер мен міндеттемелер арасындағы ЕАВ-мен айырма

3 Тар ақша базасы – ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2008 жылғы қыркүйектің бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері 0,4%-ға (немесе 79,5 млн. долл.) төмендеді.

Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеуінің негізгі факторына алтынның әлемдік нарықтардағы бағасының 8,95%-ға төмендеуінің нәтижесінде алтындағы активтердің 168,8 млн. долл. азаюы себепші болды. Бұл ретте екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтарының төмендеуі және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялар ішкі валюта нарығында валюта сатып алу бойынша операциялармен және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуімен бейтараптандырылды, бұл таза валюта қорларының (СКВ) 89,3 млн. долл. өсуіне әкелді.

Тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 26 444,6 млн. долл.) айдың басынан бастап 0,4% азайып, 48 110,2 млн. долл. құрады.

2008 жылғы қыркүйектің бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің өсуі ақша базасының 0,8%-ға (немесе 14,7 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.